

Паспорт образовательной программы

Дата регистрации в Реестре

2022.07.15 17:26

Регистрационный номер

18283

Дата обновления паспорта ОП:

2022.07.15 17:27

Код и наименование специальности:

10320200 Төтенше жағдайда қорғау (салалар бойынша)

Код и наименование квалификации/квалификаций:

3W10320201 Құтқарушы

4 S10320205 Техник

Регион:

Атырау облысы

Организация ТиППО (Разработчик):

" С.Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғары колледжі" КМҚК

Партнеры-разработчики:

" АҚБЕРЕН-АТЫРАУ" ЖШС Атырау қ.

Цель ОП:

Апаттық-құтқару техникасын, жабдықтары мен құралдарын қолдана отырып, апаттық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыруға және орындауға қабілетті білікті мамандар даярлау.

Уровень по НРК:

3

4

Уровень по ОРК:

3-4

Профессиональный стандарт (при наличии):

" Қауіпті өндірістік объектілерге қызмет көрсету бойынша авариялық-құтқару қызметі" "Атамекен" ҰКП 30.12.2019 ж. № 270 бұйрығына № 14 қосымша, "Азаматтық қорғау" ҚР Ішкі істер министрінің 31.10.2016 ж. № 1016 бұйрығы.

Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):

жоқ

Форма обучения:

күндізгі

База образования:

негізгі орта білім

Язык обучения:

мемлекеттік

Общий объем кредитов:

240

Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:

15.04.2022 ж.

Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:

KZ53LAA00012536

Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:

11, 027

Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):

-

Отличительные особенности ОП:

-

Сведения о содержании модулей/дисциплин:

Наименование		Результаты	Объем
№	модуля/дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины	кредитов/часов
	ЖБП 1. Орыс тілі және әдебиеті	Орыс тілі мен әдебиетін кіріктірілген оқыту негізінде тілдік дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және дамытады, ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, жалпы әлемдік білім беру кеңістігінде бағдарлануға көмектеседі. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Туризм: Экотуризм», «Человек и Родина», «Наука и этика», «Планета. Земля. Океаны», «Литература и искусство», «Тема социального неравенства в СМИ и литературе», «Торговля и помощь. Справедливая торговля», «Значение труда в жизни человека и общества»,	5/120

Результаты		
Наименование № модуля/дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	«Показатель развития общества: экология, биоресурсы», «Свободное время как показатель развития общества», «Человек и история», «Энергия будущего. Энергия слова», «Мир и безопасность», «Театр и кино в современном мире», «Высшая ценность – права человека», «Современное общество: миграция».	
ЖБП 2. Қазақ тілі	Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану, күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым-қатынас құралынан оны тілдік заңдылықтар негізінде танып-білу дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті», «Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. Сөз мәдениеті», «Адамзат дамуының жаһандық мәселелері», «Адам өмірін сақтау. Тілдік жүйе және норма», «Сәулет өнері», «Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі», «Экология: ядролық және мұнай өндірістері», «Қазіргі қоғам: миграция және зияткерлік миграция», «Әлемді өзгерткен өнертабыстар», «Туризм: экотуризм».	3/72
ЖБП 3. Қазақ әдебиеті	Креативті ойлауға бағыттау, ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету,	3/72

Результаты		
Наименование	обучения/Краткое описание	Объем
№ модуля/дисциплины	дисциплины	кредитов/часов
	<p>дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қалың елім, қазағым», «Қазақтың Қанышы», «Парасат пайымы», «Тарих тағылымы», «Кеңістік пен уақыт», «Зобалаң заман шындығы», «Ғасырлық туынды», «Табиғат және адам».</p>	
ЖБП 4. Шетел тілі	<p>Білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізілген ағылшын тілін меңгерудің бастапқы деңгейін арттырады, тұрмыстық, мәдени, кәсіби және ғылыми қызметтің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерді шешу үшін қажетті және жеткілікті коммуникативтік құзыреттілік деңгейін меңгеруіне ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:</p> <p>« Legend or Truth», «Natural Disasters», «Virtual reality», «Organic and non-organic worlds», «Reading for pleasure», «Capabilities of human brain», «Breakthrough technologies», «Space X», «Making connections in biology», «Investigate and report on animal world bats eagles bees and dolphins», «Human brain», «Investigate and report on timekeeping devices/Science video», «Work and inventions», «STEM», «Reading for Pleasure», «Independent project», «The clothes of chemistry».</p>	4/96
ЖБП 5. Қазақстан тарихы	<p>Қазақстанның түрлі тарихи кезеңдердегі этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және</p>	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғынуына, оның әлемдік тарихи үдерістегі орны мен рөлін айқындауына; тарихи санасы, азаматтылығы мен патриотизмі бар тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», «Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «Білім мен ғылымның дамуы».</p>	
ЖБП 6. Математика	<p>Байланысты пәндерді оқу, практикалық іс-әрекетте қолдану үшін қажетті математикалық білімді қалыптастырады. Пән келесі бөлімдерден тұрады: «Функция, оның қасиеттері мен графигі», «Тригонометриялық функциялар», «Көпмүшелер», «Математикалық статистика және ықтималдық теориясы», «Дәрежелер мен түбір. Дәрежелік функция», «Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар», «Функция шегі және үзіліссіздігі», «Туынды және оның қолданылуы», «Алғашқы функция және интеграл», «Комплекс сандар», «Дифференциалдық теңдеулер», «Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық», «Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар</p>	8/192

Результаты		
Наименование	обучения/Краткое описание	Объем
№ модуля/дисциплины	дисциплины	кредитов/часов
	жүйесі және векторлар», «Көпжақтар», «Айналу денелері және олардың элементтері», «Денелер көлемдері».	
ЖБП 7. Информатика	Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, деректерді ұсыну, ақпараттық процестер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы білімді, икемдер мен дағдыларды қалыптастырады. Пән: «Аппараттық және программалық қамтамасыз ету», «Деректерді ұсыну», «Ақпараттық процестер мен жүйелер», «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру», «Қосымшаларды әзірлеу», «Компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік» сияқты бөлімдерді зерттейді.	2/48
ЖБП 8. Өзін-өзі тану	Жеке тұлғаның адамгершілік негіздерін қалыптастыруға, оның рухани жетілуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына, үйлесімді дамуына ықпал етеді, өзін және басқа адамдарды қабылдауға және түсінуге ықпал етеді, ашықтықтың, әлеуметтік жауапкершіліктің, шығармашылық белсенділіктің және өмірді жағымды қабылдаудың дамуына ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Таным жолында», «Тұлғаның қалыптасуы», «Қоғамдағы өмір», «Адамзат әлемі».	3/72
ЖБП 9. Алғашқы әскери және технологиялық	Мемлекет қорғанысының негіздері, Қазақстан	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
дайындық	<p>Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуы, олардың сипаты мен ерекшеліктері туралы түсініктерді қалыптастырады, әскери қызметке саналы көзқарасты тәрбиелейді, төтенше жағдайларда адамның тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі», «Әскери қызметтің құқықтық негіздері», «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары», «Тактикалық дайындық», «Атыс дайындығы», «Саптық дайындық», «Әскери топография», «Әскери роботты техникалардың негіздері», «Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері», «Технологиялық дайындық».</p>	
ЖБП 10. Дене тәрбиесі	<p>Жалпыадамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға, дене және психикалық денсаулығын нығайтуға деген ынтасын арттыруға, спорттық-ерекше қимыл дағдыларын алуға және дене қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Дене шынықтыру туралы білім», «Жеңіл атлетика», «Спорттық ойындар», «Гимнастика», «Ұлттық спорт</p>	6/144

Результаты		
Наименование	обучения/Краткое описание	Объем
№ модуля/дисциплины	дисциплины	кредитов/часов
	түрлері», «Қысқы спорт түрлері», «Жүзу».	
ЖБП 11. Физика	Ғылыми дүниетанымның негіздерін, әлемнің жаратылыстану бейнесін тұтас қабылдауды, табиғат құбылыстарын байқау, талдау және бекіту қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді, әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізін құрайтын іргелі физикалық заңдар мен принциптер туралы білімді, табиғатты ғылыми тану әдістерін дамытуға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Механика», «Жылу физикасы», «Электр және магнетизм», «Электромагниттік тербелістер», «Электромагниттік толқындар», «Оптика», «Салыстырмалы теорияның элементтері», «Кванттық физика», «Нанотехнология және наноматериалдар», «Космология».	5/120
ЖБП 12. Химия	Заттар мен олардың өзгерістері, заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін қалыптастырады, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылымына тәуелділігін түсіндіреді, химиялық процестерді, заңдар мен олардың заңдылықтарын түсінеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Заттардың бөлшектері», «Периодтылық. Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары», «Химиялық реакциялар энергетикасы», «Химия және қоршаған орта», «Химия және өмір».	5/120

Результаты		
Наименование	обучения/Краткое описание	Объем
№ модуля/дисциплины	дисциплины	кредитов/часов
ЖБП 13. География	Географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындайтын геоэкологиялық, экономикалық, әлеуметтік, геосаяси және жаһандық проблемаларды шешуге бағытталған білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Географиялық зерттеу әдістері», «Картография және геоинформатика», «Табиғатты пайдалану және геоэкология», «Геоэкономика», «Геосаясат», «Елтану», «Адамзаттың ғаламдық проблемалары».	3/72
ЖБП 14. Биология	Ұйымдастырудың әртүрлі деңгейлеріндегі өмірдің мәнін, дамуын және көріністерін түсінуге ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Молекулярлық биология және биохимия», «Жасушалық биология», «Қоректену», «Заттардың тасымалдануы», «Тынысалу», «Бөліп шығару», «Жасушалық цикл», «Көбею», «Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары», «Эволюциялық даму», «Селекция негіздері», «Тірі ағзалардың алуантүрлілігі», «Координация және реттеу», «Қозғалыс», «Биомедицина және биоинформатика», «Биотехнология», «Биосфера, экожүйе, популяция», «Экология және адам іс-әрекетінің қоршаған ортаға әсері».	3/72
БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.	6/144

		Результаты	
№	Наименование модуля/дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
		ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	5/120
	БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.	4/96
		ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану.	4/96
	БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру.	2/48
		ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау.	2/48
		ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің "жасыл" экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.	1,5/36
		ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	1,5/36
		ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау.	1/24
	БМ 4. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	ОН 4.1. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну.	2/48
		ОН 4.2. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну.	1,5/36
		ОН 4.3. Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру.	2/48

Наименование № модуля/дисциплины		Результаты	
		обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
		ОН 4.4. Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру.	1,5/36
КМ 1. Құқықтары мен міндеттеріне сәйкес кезекшілікте қызмет атқару кезінде құтқарушының жұмыс және демалыс режимін қамтамасыз ету		ОН 1.1. Апаттық-құтқару қызметінің кезекші ауысымы құрамында кезекшілік жасау, төтенше жағдайлар кезінде ден қоюға әзірлікті қамтамасыз ету.	2/48
		ОН 1.2. Төтенше жағдай туралы хабар алған кезде іс-қимыл жасау шеберлігі мен алгоритмін меңгеру.	2/48
		ОН 1.3. Төтенше жағдай орнына келген кезде кезекші топ (ауысым) құрамындағы іс-қимылдар тәртібін орындау.	2/48
КМ 2. Апаттық-құтқару жұмыстарын орындау үшін апаттық-құтқару құралдарын, мүліктер мен керек-жарақтарды жұмысқа дайындау		ОН 2.1. Апаттық-құтқару құралдарының, мүліктері мен жарақтарының техникалық жағдайын тексеру және жөндеу жүргізу.	5,5/132
		ОН 2.2. Тыныс алу органдары мен теріні жеке қорғау құралдарының жұмысқа жарамдылығын тексеру.	5,5/132
		ОН 2.3. Төтенше жағдайлар аймағында барлау үшін аспаптарды, құрылғыларды, жабдықтарды, механизмдерді, материалдарды, бақылау-өлшеу аспаптарын дайындау.	7/168
		ОН 2.4. Апаттық-құтқару жұмыстары аяқталған соң, арнайы автокөліктерді, жабдықтарды, құрал-саймандарды, арнайы киімді, жеке қорғаныс құралдарын қатерсіздендіру, газсыздандыру, залалсыздандыру жөніндегі	7/168

№	Наименование модуля/дисциплины	Результаты	
		обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
		жұмыстарды орындау.	
	КМ 3. Қауіпті өндірістік нысандарда, аумақтарда апаттық-құтқару, іздестіру-құтқару және шұғыл жұмыстарды арнайы жарақтар мен жабдықтарды пайдаланып орындау	ОН 3.1. Төтенше жағдай болған жерде барлау жүргізу және жағдайды бағалау.	2/48
		ОН 3.2. Төтенше жағдайларды оқшаулау және жою бойынша апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізу.	17/408
		ОН 3.3. Құтқару техникасын, аспаптарды, жабдықтарды, жеке қорғаныс құралдарын және байланыс құралдарын қолдану.	6/144
		ОН 3.4. Төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендерге алғашқы медициналық және психологиялық көмек көрсету.	3/72
		ОН 3.5. Зардап шеккендерді оқшаулау және тасымалдау.	1/24
		ОН 3.6. Өрт сөндіруді жүргізу.	8/192
		ОН 3.7. Үйінділерді бөлшектеуді, бөгеттер тұрғызуды, бекітпе орнатуды және басқа да шұғыл жұмыс түрлерін атқару.	8/192
		ОН 3.8. Компаспен және картамен жұмыс жасау, тәуліктің кез-келген уақытында және әртүрлі ауа-райы жағдайында жер бедерін бағдарлау.	5/120
		ОН 3.9. Байланыс құралдарын қолдану және радиоалмасу шеберлігін меңгеру.	4/96
		ОН 3.10. Төтенше жағдай аймағында қатерсіздендіру, газсыздандыру, залалсыздандыру, зарарсыздандыру, сынаптан	1/24

Наименование		Результаты	Объем
№ модуля/дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины	кредитов/часов
		арылту және ұсақ кеміргіштерді жою жұмыстарын жүргізу.	
КМ 4. Қауіпсіздік техникасын сақтау		ОН 4.1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда апаттық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу кезінде еңбекті қорғау талаптарын және қауіпсіздік шараларын сақтау.	3/72
		ОН 4.2. Тұтынылған материалдар мен жұмыс жүргізу өнімдерін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес кәдеге жарату.	4/96
КМ 5. Құтқару қызметінің жұмысын талдау		ОН 5.1. Төтенше жағдайлар туралы деректер жинау, жүйелеу және талдау жасау.	2/48
		ОН 5.2. Апаттық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша талдау дайындау.	2/48
		ОН 5.3. Құтқарушылардың құқық қорғау органдарымен және инженерлік-техникалық қызметтермен ұқсас және бірегей іс-әрекеттері мен өзара іс-қимылына талдау жүргізу.	2/48
КМ 6. Құтқару қызметінің жұмысын ұйымдастыру		ОН 6.1. Апаттық-құтқару қызметінің кезекші ауысымының жұмысын ұйымдастыру.	1/24
		ОН 6.2. Төтенше жағдай аймағында құтқарушылардың байланысы мен өзара іс-қимылын ұйымдастыру.	4/96
		ОН 6.3. Төтенше жағдайлар аймақтарында жұмыс жүргізу кезінде құтқарушылардың тіршілігін қамтамасыз ету.	4/96
КМ 7. Апаттық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру		ОН 7.1. Төтенше жағдай аймағына барлау ұйымдастыру, оның ішінде радиациялық, химиялық, бактериологиялық барлау жасау.	3/72

Результаты		
Наименование	обучения/Краткое описание	Объем
№ модуля/дисциплины	дисциплины	кредитов/часов
	ОН 7.2. Апаттық-құтқару жұмыстарын, сонымен қатар, өрт сөндірумен байланысты жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру.	3/72
	ОН 7.3. Апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде радиациялық, химиялық, бактериологиялық бақылауды ұйымдастыру.	5/120
	ОН 7.4. Төтенше жағдайлар аймағында қатерсіздендіру, газсыздандыру, залалсыздандыру, сынаптан арылту және ұсақ кеміргіштерді жою жұмыстарын ұйымдастыру.	5/120
КМ 8. Құтқарушының кәсіби және спорттық даярлығын ұйымдастыру	ОН 8.1. Өрттен құтқару дайындығын ұйымдастыру.	5/120
	ОН 8.2. Қызмет атқару кезеңінде құтқарушылардың кәсіби даярлығын ұйымдастыру.	5/120
Аралық, қорытынды аттестаттау	-	15/360